7М07130 – КӨЛІК, КӨЛІКТІК ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Көлік жүйелері саласында ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби құзыреттерге ие, көлік саласын цифрлық трансформациялау жағдайында инженерлік, басқарушылық және инновациялық міндеттерді тиімді шеше алатын бәсекеге қабілетті магистрлерді даярлау.
БББ міндеттері	- жоғары интеллектуалдық деңгейді қалыптастыруға, логикалық және сыни ойлауды дамытуға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметі дағдыларын жетілдіруге жағдай жасау; -көлік жүйелеріндегі ғылыми, басқарушылық және технологиялық міндеттерді шешуде білімді қолдану қабілетін дамыту; -аналитикалық ойлау, инновациялық қызмет және үздіксіз білім алу дағдыларын қалыптастыру; -көлік-коммуникациялық кешеннің күрделі міндеттерін шеше алатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. -сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	- Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; - 7- біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары;; - Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); - Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	- «Автомобиль көлігіндегі көлік-экспедициялық қызметтер» 01.09.2023 ж. №136 кәсіби стандарты ((«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының бұйрығына №76 қосымша); - «Педагог (ЖЖОКБҰ ПОҚ)» Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы. - Қазақстанның жаңа мамандықтар мен құзыреттерінің атласы - "Көліктік геймификатор" https://atlasbt.enbek.kz/profession/275, «Предиктивті техникалық қызмет көрсету технологы» https://atlasbt.enbek.kz/profession/266; - Шымкент қаласының кадрларға қажеттілігінің өңірлік картасы.
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7М07130 – Көлік, көліктік техника және технологиялар білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі» дәрежесі беріледі.
Біліктіліктер мен лауазым-дардың тізімі	- оқытушы, ассистент, аға оқытушы/сеньор-лектор (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында); - білім беру саласындағы менеджер; - автокөлік кәсіпорнының басшысы; - өнеркәсіптегі зияткерлік жүйелер жөніндегі маман.

Кәсіби қызмет саласы	білім беру, ғылым, басқару, автомобиль көлігі саласындағы көлік-логистикалық және өндірістік-технологиялық қызмет.
Кәсіби қызмет нысандары	- көлік және логистикалық ұйымдар; -көлік техникасын техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау бойынша сервистік және инжинирингтік компаниялар; -көлік жүйелері мен логистикалық кешендер; -көлік саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау органдары; -көлік саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары; -жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары; -цифрлық және зияткерлік көлік жүйелері, тасымалдау және логистикалық процестерді басқарудың ақпараттық платформалары.
Кәсіби қызмет пәні	- көлік техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және диагностикалау процестері; -көлік-логистикалық процестер және тасымалдауды басқару жүйелері; -көлік жүйелерін талдау, модельдеу және оңтайландыру әдістері мен құралдары; -көлік саласындағы инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдер; -нормативтік-техникалық құжаттама, көлік техникасының сапасы мен сенімділігін бақылау әдістері; -бейіндік пәндерді оқытудағы білім беру технологиялары мен әдістері.
Кәсіби қызмет түрлері	- ғылыми-зерттеу; - педагогикалық; -жобалық; -ұйымдастырушылық-басқарушылық; - өндірістік-технологиялық; - пайдалану-талдамалық қызмет.